

Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штаб туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 сәуір N 440

"Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлену мен өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 маусымдағы N 503 қаулысын орындау үшін және мерейтойлық жұмыстарды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штабтың (бұдан әрі - Штаб) құрамы бекітілсін.

2. Штабқа Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналған салтанатты шараларды әзірлеу мен өткізу барысында Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, облыстар және Алматы қаласы әкімдерінің акционерлік және холдингтік компанияларымен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасаудағы барлық жұмысын үйлестіру жүктелсін.

3. "Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлену мен өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 маусымдағы N 503 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 20, 358-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлену мен өткізу жөніндегі мерейтойлық комиссияның құрамына мыналар кіргізілсін: И.Н. Тасмағамбетов (төрағаның орынбасары), С.Т. Тұрсынов (келісімі бойынша), Г.Т. Тәңірбергенова (келісімі бойынша), У.Б. Мұхамеджанов, Ә.С. Көпішев (келісімі бойынша), М.Ж. Жұрынов, Ө.Е. Шөкеев, Б.С. Шәкіров, Қ.А. Орынбеков;

аталған комиссияның құрамынан мыналар шығарылсын: А.С. Есімов, Н.Ә. Әбіқаев, С.Ж. Әбішев, С.Әшляев, М.С. Ахметов, Ө.Бәйгелди, Л.К. Бекетова, Е.А. Мәмбетқазиев, С.Нүкетаев, Қ.С. Сұлтанов, А.А. Тілеубердин.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен Алматы облысының әкімі бір апталық мерзімде мерейтойлық шаралардың шығыстарының бірыңғай сметасы мен қаржыландыру кестесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне келісуге берсін.

5. Облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің мерейтойлық

қоғамдық-саяси шараларды қаржыландыруға 19 млн. теңге сомасында іскерлік қатысуы туралы ұсынысы қолдау тапсын. Аталған қаражат

мерейтойлық шаралар бойынша бөлуге сәйкес шығыстардың бірыңғай сметасына кіргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 сәуірдегі
N 440 қаулысымен
бекітілген

Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына әзірлік және
оны өткізу жөніндегі Республикалық штабтың
Құрамы

- Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,
Штаб жетекшісі
- Макиевский Н.М. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары, Штаб
жетекшісінің орынбасары
- Мамашев Т.А. - Қазақстан Республикасының Мәдениет
министрі, Штаб жетекшісінің орынбасары
- Үмбетов С.Ә. - Алматы облысы әкімі, Штаб
жетекшісінің орынбасары
- Абдрахманов С.А. - Қазақстан Республикасы Мәдениет
министрінің бірінші орынбасары
- Әбішев С.Ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің
Іс Басқарушысы
- Аманшаев Е.А. - Қазақстан Республикасының Үкіметі
Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму
бөлімі мәдениет секторының меңгерушісі
- Асқаров Ә.А. - Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат істері жөніндегі
ұлттық агенттік төрағасының орынбасары
(келісімі бойынша)
- Бегманов Қ.С. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму

- бөлімінің аға референті
- Бекболатов Ш.Х. - "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті
- Биманбетов Б.Т. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының бірінші орынбасары
- Жомартов А.И. - "Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті
- Досмұхамбетов Т.М. - Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі
- Жетенов Ү.Ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің меңгерушісі (келісімі бойынша)
- Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының Білім министрі
- Ким. Г.В. - Қазақстан Республикасының Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Көпішев Ә.С. - "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының президенті (келісімі бойынша)
- Құлыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі
- Құлмаханов Ш. - Алматы қаласының әкімі
- Мұхамеджнов О.Б. - Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
- Мұхамедиев Қ.Ш. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі
- Найманбаев Қ.Н. - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы (келісімі бойынша)
- Орынбеков К.О. - Алматы облысы Жамбыл ауданының әкімі
- Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
- Тәңірбергенова Г.Т. - Қазақстан Республикасы Президентінің

Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі (келісімі бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 сәуірдегі
N 440 қаулысына
қосымша

Мерейтой шараларын қаржыландыруға үлестік қатысу
қаражатын
Бөлу

млн. теңге

Облыс	1996 жылғы II тоқсан
Ақмола	1,0
Ақтөбе	1,0
Атырау	1,0
Шығыс Қазақстан	1,0
Жамбыл	1,0
Жезқазған	1,0
Батыс Қазақстан	1,0
Қарағанды	1,0
Қызылорда	1,0
Көкшетау	1,0
Қостанай	1,0
Маңғыстау	1,0
Павлодар	1,0
Солтүстік Қазақстан	1,0
Семей	1,0
Талдықорған	1,0
Торғай	1,0
Оңтүстік Қазақстан	1,0
Алматы қаласы	1,0
Барлығы	19,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК